«ҚАРАТӨБЕ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КАРАТОБИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ»

БҰЙРЫҚ

29.10.2025

Қаратөбе ауылы

ПРИКАЗ

№ 38

село Каратобе

Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен тауарларды сатып алу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағы 3 тармақшасына сай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының №506-509 тармақтарын басшылыққа ала отырып, ақаулық актісіне сай, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі қызметтік автокөліктің жолда істен шығуына байланысты қажетті қосалқы бөлшектерді бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Аталған мемлекеттік сатып алу келесі негіздемеге сәйкес жүргізілсін:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағы 3 тармақшасы:

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: дағдарыстық ахуалдарды, төтенше ахуалдардың немесе төтенше жағдайлардың салдарларын болғызбау, оқшаулау және (немесе) жою; Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою; жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша карантинді аймақтарда және қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу; электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникация жүйелеріндегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылысжайларындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою, жедел медициналық араласу үшін, сондай-ақ коммуникациялардың,

механизмдердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың жүру жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 506-509 тармақтары:

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не тапсырыс берушінің аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

4. «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі қызметтік автокөліктің жолда істен шығуына байланысты қажетті қосалқы бөлшектерді бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы «Асылым» ЖК-нің ең төмен баға ұсынысын негізге ала отырып ҚҚС есебінсіз 118 400 теңге (Бір жүз он сегіз мың төрт жүз теңге) болып бекітілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бас маман Н.Шаймардановқа тапсырамын.

Бөлім басшысы **Б.Нурмагамбетов**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 562 бұйрығына
14-қосымша

А-4 нысаны

Тапсырысшы ұйым **«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі** ЖСН/БСН **101240006455**

Орындаушы ұйым **ДК "ASR-LINE"**

Құжат нөмірі	Жасалған күні
1	21.10.2025

АКТИВТІҢ АНЫҚТАЛҒАН АҚАУЛАРЫ
ТУРАЛЫ АКТІ

Активтің орналасқан жері **БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Мұхит көшесі 10**
ғимараттың (құрылыстың) мекен-жайы, цех

Төменде санамаланған активті тексеру, сынақтан өткізу(керегінің астын сызу) үдерісінде мынадай ақаулар анықталды:

Атауы, мінездеме	Үлгісі, маркасы	Паспорттың немесе таңбаның нөмірі	Күні		Анықталған ақаулар
			жасаған	қоймаға келіп түскен	
1	2	3	4	5	6
KIA	Cerato	LA № 70034517	2010	21.10.2025	Стартер істен шыққан
және т.б. сызық парақтың соңына де					

Анықталған ақауларды жою үшін мыналар қажет: «KIA Cerato» **жеңіл автокөлігіне арналған стартер** анықталған ақауларды жою үшін іс-шаралар немесе жұмыстар, **Жаңа стартер орнату**

Тапсырысшының өкілі

Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы/ _____/ Нурмагамбетов Б.Б.
М.О. лауазымы қолы қолды таратып жазу

Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімінің көлік жүргізушісі / _____/ Куанов Т.Е.
М.О. лауазымы қолы қолды таратып жазу

Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы / _____/ Шаймарданов Н.К.
М.О. лауазымы қолы қолды таратып жазу

Орындаушының өкілі ДК "ASR-LINE" басшысы / _____/ Таженова Р.К.
М.О. лауазымы қолы қолды таратып жазу

2025 жылғы " 21 " қазан